

**А. Ж. Жақаев, 2-курс магистранты**  
**Ғылыми жетекшісі: М. Қ. Ынтықбаев, қылмыстық құқық және іс жүргізу**  
**кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты, доцент**  
**(«Фемида» Заң академиясы)**

## **БАС БОСТАНДЫҒЫНАН ЗАҢСЫЗ АЙЫРУДЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі Жарлығымен мақұлданған, республикамыздың Құқықтық саясат тұжырымдамасына сәйкес, құқық қорғаушы органдар қызметінің заңдық базасын жетілдіруді жалғастыру қажет және оның әрекет аясына азаматтардың маңызды бөлігі тартылады, демек қоғамдағы тұрақтылық, қоғам мен мемлекеттің мүдделері, сондай-ақ, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қылмыстық қол сұғушылықтан қорғаудың беріктігіне сенімділігі және елдегі құқықтық тәртіптік жағдай, олардың тиімді қызмет етуі байланысты.

Кейінгі жылдарда әліміздегі криминогенді жағдай күрделі сипатқа ие болуда. Қылмыстың өсімі элеуметтік тынышсыздықты ұлғайтады, сондай-ақ азаматтардың өздерінің жеке басы мен мүліктік қауіпсіздігіне негізді алаңдаушылықты туғызады. Мұндай жағдайда адам экономикалық тұрақсыздықты сипаттайтын өмір жағдайларынан туындайтын қарама-қайшылықтарды шешу кезінде алмастырушы монета ретінде қалып отыр. Мұндай қарама-қайшылықтарды шешудің қоғамға қауіпті тәсілдерінің бірі болып, ҚР ҚК-нің 126-бабында көзделген, нақтырақ айтсақ адамды бас бостандығынан заңсыз айыру танылады. Оның қоғамға қауіптілігі заңсыз бас бостандығынан айырудың адамның жеке бас бостандығына қол сұғатын қылмыс болып табылатындығымен анықталады.

Қарастырылып отырған қылмыс түрі үшін сотталғанның балалық шағындағы тәрбиенің дұрыс болмауының көрсеткіші ретінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жатқан сотталғаннан сауал алу кезінде алынған мәліметтер дәлелдейді.

Сотталғандардың 19,8 %-ның ата-аналары тату өмір сүрген, ал 54,4 % көбіне ұрысқан, олардың 27,9 % спирттік ішімдіктерді пайдаланған. Тек 44,7 % толық отбасында тәрбиеленген. Қалған 55,3 % әкесіз — 41,5 %, анасыз — 4,3 %, ата-анасыз — 9,5 % сотталған.

Бала кезінде ата-анасының біреуі немесе екеуі де болмаған сотталғандар санынан 36,1 % тек анасы, 7 % тек әкесі, 12 % тек туыстары немесе балалар үйінде тәрбиеленген. Толық емес отбасында туғанынан 9,6 %, 1 жасқа толғаннан кейін 6,2 %, үш жасында 10,7 %, он жасында 20,1 % тәрбиеленген.

Жасөспірімнің моральдық тұлғасы оның балалық шағында қалай тәрбиеленгендігіне байланысты. Баланың отбасында қалыпты тәрбиелену жағдайы болып ата-ананың арасында мейірімді қатынастың және отбасындағы дұрыс жағдайдың болуы табылады. Жоғарыда келтірілген мәліметтер сотталғандардың көпшілігінде мұндай жағдайдың болмағандығын білдіреді. Қарастырылып отырған қылмысты жасаған кінәлі тұлғаның ата-аналары ұрысқан, жартысынан көбісі толық емес отбасында тәрбиеленген, әрбір үшінші сотталған әкесіз тәрбиеленген. Сотталғандардың көбі ер адамдар болғандығына қарағанда отбасында әкенің болмауы олардың тәрбиесіне кері әсерін тигізген. Өздерінің балаларын тәрбиелеудің әдістемесі бойынша болмашы нәрселерді білмейтін отбасылар да аз кездеспейді.

Сотталғандардың жасаған қылмыстарына жаза болатындығына қалай қарайтындығы туралы сұраққа сауалнама жүргізгенде, олардың 93,6 % жауаптылықтан құтылып кетеміз деп үміттенген.